

Жаңа бас директордың сәлем сөзі

Құрметті әріптестер!
Өзімді таныстыруға рұқсат етіңіздер. Бас директор лауазымындағы алғашқы жұмыс күнімде өзімді аздап таныстырып өтсем деймін, аты-жөнім Дамиано Ратти.

«Биджи» компаниясында 6 жылдан артық Өндіріс жөніндегі атқарушы директор лауазымында және Италиядағы «Биджи» компаниясының төрағасы лауазымында қызмет атқардым.

Миланда тұрамын, сол жерде Боккони Университетінің Бизнес-ті басқару факультетін бітірдім. Жұбайым Паоламен бірге Камилла есімді қызымды және Филиппо есімді баламды тәрбиелеп жатырмыз.

Өзімнің ҚПО-ға қызметке келгенімді аса мақтан тұтамын. Өсіресе дәл осы компаниямыздың болашақ даму



бағытын қалыптастыруда орасан зор қызмет атқаратын тұста. Қазақстанға келгеніме өте қуаныштымын және өзіме көрсетілген жылы лебіздеріңден алған әсерім шексіз.

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып Джузеппе Пазиге алғысымды білдірім келеді. Оның басшылығы кезінде компания өте көп жетістіктерге қол жеткізді және мен оның өз қызметінде Қарашығанақты өрге көтермелеуде үздіксіз еңбек еткенім білемін. Сіздердің оған менімен бірге келешекке сәттілік тілейтіндеріңізге күмәнім жоқ.

Сонымен қатар бүгін жаңа Өндіріс директоры Лука Виньяти

өз қызметіне кіріспекші, өзін кейін жеке таныстырады. Мен онымен бірлесіп отырып 2012-ші жылда және кейінгі жылдарда орындалады деп көзделген барлық мақсаттарға жетеміз деген үлкен үмітім бар.

Кешегі өткен екі аптаның ішінде мен ҚПО-ның әртүрлі бөлімдерінің қызметкерлерімен жүздесіп кәсіпорынның ағымдағы қызметі туралы жалпы мағлұматқа ие болдым. Қарашығанақтың ауқымы мен күрделілігі үлкен әсер қалдырды, бірақ мен ең алдымен сан алуан ұлттар мен мәдениет адамдарын бірлестірген ҚПО ұжымының кәсіби деңгейі мен ұм-

тылушылығына қайран қалдым.

Бірнеше күндерден кейін Интранет желісінде менің сіздерге арналған бейнеүндеуім таратылмақ, онда мен өздеріңізбен кәсіпорнымыздың келешегіне қатысты ойларым мен жоспарларым туралы бөліспекшімін.

ҚПО-дағы қызметіме кірісе отырып, әлемдік қатардағы кәсіпорын болып табылатын Қарашығанақтың табыстарын жалғастыруда өзімнің ізашарларым қалаған негізді қолданбақшымын.

Құрметпен,
Дамиано Ратти
Бас директор

Үздіктер анықталды

2011 жылдың 26 наурызында Қарашығанақ кен орнының №31 өрттен қорғау бөлімінде кезекті марапат тапсыру рәсімі болып өтті. Онда 2011 жылдың қорытындысы бойынша төтенше жағдайларға кәсіби дайындық, алдын алу жұмыстарын жүргізу және төтенше жағдайларды жою ісінде ең жоғары көрсеткіштерге жеткен өрт сөндіру бөлімдеріне өрт сөндірушілердің «Өрт сөндірушінің алтын балтасы» ауыспалы белгісі тапсырылды.

Байқау төрт нысанның арасында өтті: ҚҚӨК, ГП-2, ГП-3 және Пилотты қалашық. Байқау барысында өрт сөндірушілер кәсіби дайындық, ТЖ-да шапшаң әрекет ету және оны жою барысындағы іс-әрекеттері, авариялық құтқару құрал-жабдықтарының жарамды жағдайда болуы, ҚПО-ның және мердігерлік ұйымдардың нысандарымен АЖ өзара тығыз қарым-қатынаста болу мен өрттің алдын алу жұмыстары бойынша бағаланды. Үздік өрт сөндіру бөлімі жұмыстың тиімділігі мен қызметкерлердің білімі мен тәжірибелерінің дамуының басты көрсеткіштерін бағалау Жоспарына сәйкес өткізілген тексеруге сай анықталды.

Марапат тапсырудың салтанатты рәсімі шеңберінде ҚПО компаниясының басшылығы кен орнының авариялық жағдайда әрекет ету тобы мен өрт сөндіру бөлімдеріне жоғары кәсіби дайындықтары



үшін алғыс айтып, кен орны аумағындағы ҚПО-ның барлық нысандарында өрт қауіпсіздігін сақтау мен ТЖ жою ісіне қосып отырған үлестеріне ризашылық білдірді.

Шараға кен орны менеджерінің міндетін атқарушы Эндриу Уайпер, кен орнының ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бөлімінің менеджері Стив Нахурски, ҚПО-ның авариялық жағдайда әрекет ету тобының басшысы Александр Охрименко, ҚОҚ менеджері Биенвенно Нзунза, ГП-3-тің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бөлімінің суперинтенданты Кәкімжан Қанафеев, БҚО «Өрт сөндіруші» АҚ филиалының директоры Сансызбай Күзенбаев, оның орынбасары Қоблан Халелов, кен орнындағы өрт сөндіру бөлімдерінің басшылары қатысты.

ҚПО-ның авариялық жағдайда әрекет ету тобының басшысы Александр Охрименко былай деп атап өтті: «2011 жылдың маусым айында кен орны аумағында ТЖ жою бойынша кешенді оқу өткізілді. Оған



ҚПО-ның авариялық жағдайда әрекет ету қызметтері мен ұйымдарының барлық күштері жұмылдырылды. Аталмыш оқу жаттығу жұмысына Батыс Қазақстан облыстық ТЖ департаментінің өкілдері, ҚПО компаниясының басшылары және ТМД елдерінен қоңақтар Халықаралық азаматтық қорғаныс ұйымының мүшелері қатысты және ҚПО-ның авариялық жағдайда әрекет ету ұйымдарының кәсіби дайындықтарына жоғары баға берді.

Дәстүрлі «Өрт сөндірушінің алтын балтасы» белгісін кен орны менеджерінің міндетін атқарушы Эндриу Уайпер салтанатты түрде «2011 жылдың үздік өрт сөндіру бөлімі» аталымының жеңімпазы №31 өрт сөндіру бөліміне тапсыр-

ды. Жоғары кәсіби көрсеткіштері мен «2011 жылдың үздік өрт сөндіру бөлімі» аталымының жеңімпазы сертификатын жеңімпаздарға кен орнының ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бөлімінің менеджері Стив Нахурски тапсырды.

№31 өрт сөндіру бөлімінің марапатталуы ҚПО компаниясының тағы бір айтулы күні болды және ТЖ алдын алу мен жою саласында ары қарай да жемісті жұмысқа өзек бола береді.

Яғни берілген марапат өрт сөндіру бөлімі қызметкерлерінің өрт қауіпсіздігін сақтау, ТЖ алдын алу мен жою саласындағы атқарып жатқан жұмыстарына берілген өте жоғары баға.

1 сәуір - Геологтар күні

Қазақстан Республикасының өндірістік геологиялық ұйымдар ассоциациясының хабарлауы бойынша қазақстандық геологтар сәуірде көп жылдық үзілістен кейін алғаш рет өздерінің кәсіби мерекелерін ресми түрде тойлап өтті.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2011 жылдың 20 қазанындағы №164 Жарлығымен Қазақстан Республикасындағы кәсіби және басқа да мерекелер тізіміне сәуірдің алғашқы жексенбісінде атап өтілетін Геологтар күні де енгізілді.



Осыған байланысты Алматы қаласында 30 наурызда Геологтар күні мерекесіне арналған салтанатты шара болып өтті. Оған ҚР индустрия және жаңа технологиялар, мұнай мен газ Министрліктерінің және басқа да ҚР ұлттық компанияларының басшылары қатысты. Осылайша Қазақстанның геологтары үшін Геологтар күні кәсіби мерекесінің ресми түрде қайта оралуы аса маңызды шара болды.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев геология саласының өркендеуіне көп көңіл бөліп келеді. Оның дәлелі геология саласын дамыту үшін беріп келе жатқан тапсырмалары, сол сияқты 2011 жылы «Казгеология» Ұлттық компаниясының құрылуы. Қазақстанда геологтардың күшімен 70 жылға жуық уақыт ішінде қуатты минералды-шикізатты база жасақталды. Бұл біздің еліміздің минералды-шикізатты кешен бойынша әлемдік сегіздіктің қатарына кіруімізге мүмкіндік берді. Бұрын зерттелген байлығымыз 90 жылдардың қиындығына төзіп қана қоймай, елімізге инвестиция тартуға да мүмкіндік берді.

«Геологтар күні» мерекесінде Батыс Қазақстан облысындағы заманауи минералды-шикізат базасының жасақталуында, Қарашығанақ мұнайгаз кен орнын және Қазақстанның мұнай өндірісін игеру барысында Батыс Қазақстан аумақтық геологтары орасан еңбек сіңіргенін атап айтқан жөн.

Қарашығанақ кен орнының ашылуы, геологтар мен кен іздеушілердің есімін тарихта мәңгілікке қалдырды. Кен орнының Орынбор газды қайта өңдеу комбинатына жақын орналасуы мұнайды, конденсат пен газды өте қысқа мерзім ішінде салынған тұрба желісі бойынша айдауды жеңілдетті. Ірі геологиялық құрылымдар мен тектоникалық аймақтардың локалды алаңқайлар мен далалық жерлердің мұнай мен газына барлау жасауда, айналып келгенде республикамыздың мұнайгаз ресурстарын ашып, игеруге өлшеусіз еңбек сіңірген С. Камалов, П. Авров, Э. Азнабаев, У. Ақшолоқов, ағайынды Балғымбаевтар, З. Булекбаевтар, Э. Воцалевский, И. Дальян, Ж. Досмухамбетов, Ш. Есенов, Н. Марбаев, С. Утебаев және басқа да көптеген мамандар Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтың лауреаттары тізіміне ілінді және жоғары күміттік марапаттармен марапатталды.

Қазіргі уақытта Қазақстанның дәлелденген қазба қоры Қаспий теңізінің шельфін санамағанда 2,8 миллиард тонна мұнай мен газ конденсатын құрайды. Бекітілген қор 2,2 миллиард тонна мұнайға бағаланып отыр. Болжалды қор 8 бен 22 миллиард тоннаның арасы, бірақ экспорттердің көпшілігі 12 миллиард тонна мұнайға тоқтап отыр. Қаспий теңізінің қазақстандық шельфіндегі мұнай қорының өндірістік бағалануы 25-тен 60 миллиард баррелейді құрайды. Болжалды мұнайдың қазба ресурсы шельфтік кен орындарын есептемегенде 6,3-ке бағаланып отыр.

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, «Новости Карачаганак» газетінің редакциясы ҚПО компаниясының барлық геологтарын кәсіби мерекелерімен шын жүректен құттықтайды және оларға мықты денсаулық, өндірістік жетістіктер мен еңбекте табыстар тілейді.

Менің ауылым- менің отаным

2012 жылдың наурыз айында КПО-ның тұрақты дамуын қамтамасыз ету бөлімінің тұрғындармен жұмыс секциясы елді мекенді өркендету бағдарламасы шеңберінде «Менің ауылым - менің отаным» атты балалар жұмыстарының каталогын ұсынды. Бұл жұмыс 2011 жылы Қарашығанақ кен орнына жақын орналасқан Березов, Успенев, Жаңаталап, Жарсуат, Приурал, Қарашығанақ және Бестау ауылдарының мектеп оқушылары арасында өткізілген жазғы байқауының қорытындысы бойынша дайындалған еді.

Бұл каталог «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» компаниясы мен ауыл тұрғындарын одан әрі жақындастыра түсті. Оған ауыл мектептері оқушыларының ең үздік жұмыстары енгізілді. Өткізілген байқау оқушылар мен ұстаздар және ата-аналар үшін айрықша оқиға болды.

Ауыл тұрғындары КПО Б.В. компаниясына үлкен алғыстарын білдіріп, болашақта да осындай шараларды кен орнына жақын орналасқан ауылдар мен олардың балалары үшін жиі-жиі өткізіліп тұруын сұрады.



Көңілге күлкі ұялатқан «Жұлдызай»

Ақсай қаласының №2 ЖББОМ мүмкіндігі шектеулі балаларға арнап, «Жұлдызай» атты аудандық фестиваль ұйымдастырылды. Байқауға Пугачев, Жарсуат селолық округтерінен және Ақсай қаласының орта мектептерінен 10-16 жас аралығындағы дарынды балалар қатысып, өмірдің қиындығы мен күрделілігіне қарамастан өз өнерлерін ортаға салды.

Әділқазылар алқасының құрамында аудандық білім беру бөлімінің қызметкерлері, «Тарлан» жастар бірлестігінің төрағасы, саз мектебінің және мектептен тыс жұмыс орталығының оқытушылары болды. Бұл фестивальде жеке кәсіпкер «Өтеғұлова», «Жас дарын» қоғамдық қоры демеушілік көрсетті.

«Жас дарын» қоғамдық қорының төрағасы И.Г. Ищенко өз сөзінде: «Осындай тамаша мейрамға біздер екінші рет қатысып отырмыз. Өкінішке орай осындай іс-шаралар сирек болып тұр. Жиі өтіп тұрса, нұр үстіне нұр болар еді, мүмкіндігі шектеулі балалар өздеріне көңіл бөлгенді ұнатпады. Біз олардың шығармашылық жағынан өсуіне көмектесуіміз керек.

«Жұлдызай» байқауының қатысу-



шылары қарапайым балалар емес, осындай дарынды балаларды көбірек тауып, олардың шығармашылық дамуына ықпал етіп, жағдай жасау қажет. Мүмкіндігі шектеулі балалар қоғамда өмір сүру керек. Біздер «Жас дарын» қоғамдық қорын құрдық, бірақ өзіміздің кеңсеміз жоқ. Бұл біздерге қиындық туғызуда. Арманымыз – алдағы уақытта мүмкіндігі шектеулі балаларға демалу орталығын ашу. Бұл ойымыз жүзеге асады деп сенеміз».

Байқауға қатысушылар дайындалып болғанша әншілер топтары мен би ұжымдары өз өнерлерін көрсетті. Сахнаға шыққан әрбір қатысушының көрермендер ду қол шапалақтын қарсылап отырды. Өйткені әр бала осынау тәуекелі үшін, ержүректілігі мен тынымсыз еңбегі үшін құрмет пен еліктеуге лайық.

Ұйымдастырушылардың айтуынша «Жұлдызай» фестивалі мүмкіндігі шектеулі балалардың қабілетін ашуға, өзін-өзі көрсетуге арналған, сол сияқты олармен араласуға кедергі келтіріп жүрген олар туралы қоғамда қалыптасқан ескі түсініктерді, ұғымдарды жоюға ықпал етеді. Фестивальге қатысушылар алғыс хат және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Санкт-Петербуркте өнер көрсету

Солтүстік Палмира Қазақстанның Ақсай атты қаласының жас дарындарына қошеметпен қол соқты. Ақсайдағы «Балалардың өнер мектебінің» 8 жасар оқушысы Лиза Попова мен 12 жасар Даша Мороз «Орыс ертегісі» халықаралық VI фестивалінің лауреаты мен дипломанты атанды.

Фестивальді «Триумф» шығармашылық бірлестігі ұйымдастырған және Невадағы қалада ақпан айының соңында өткізілді. Фестивальге Ресейден және таяу шетелден өнерпаз балалар қатысты. Олар әртүрлі ағалымдар бойынша өнер көрсетті: музыкалық шығарма мен вокалдан бастап хореография, қолданбалы өнер көрмесіне дейін. Қазақстаннан павлодарлық вокалистер ансамблі мен ақсайлық пианистер қатысты.

«Біздің оқушыларымыз мынадай маңызды байқауға бірінші рет қатысып отыр, бұған дейін «Балалардың өнер мектебінің» оқушылары облыстан арыға барып көрген жоқ, - деп әңгімеледі «Балалардың өнер мектебінің» ұстазы Наталья

Чунчукова. - Қыздардың алғашқы қадамы сәтті өтті, олардың орындаушылық шеберліктері жоғары бағаланды».

Лиза Попова алған III дәрежелі сыйлық, Даша Мороз алған II дәрежелі сыйлық өте жоғары марапат. Наталья Яковлевнаның

айтуы бойынша ақсайлық пианистердің қарсыластары өте мықты болған. Олар Мәскеу, Воронеж, Тула қалаларының осындай байқауларының бірнеше мәрте жеңімпаздары, солай бола тұрса да Лиза мен Даша олардан кем түспеген. Және біздің

қыздарда алдын ала дайындыққа да мүмкіндік болмаған. «Азгантай болса да музыкалық аспаппен дайындау үшін кезек күтуге тура келген, фортепианоға жақындау мүмкін болмағандықтан қонақүй бөлмесіндегі үстелдің бетін пайдалануға тура келді, соған өзіміздің байқауға дайындаған шығармамызды тарсылдатып ойнадық», - деп ағынан жарылды қыздардың педагогы.

Ақсайлық пианистер әртүрлі бағдарламалар дайындаған: Лиза Попова Брусиловскийдің «Ботагезін» және Парфеновтың «Қаймақты жеп алған мысықтар шеруі» атты қызық аты бар балалар пьесасын орындаған. Ал одан жасы үлкендеу Даша Мороз Пахульскийдің «Армандасы» мен «Көше бойлап боран соғып тұр» атты орыс халқының халық әніне жасалған вариацияны орындаған.

Ақсайдың БӨМ қыздарының өнері терешілер алқасының көңілінен шықты. Олардың құрамында белгілі өнер қайраткерлері Ханафи Чинакаев, (РФ еңбек сіңірген әртісі, Санкт-

Петербург филармониясының академиялық симфониялық оркестрінің директоры), Лариса Панадмитрева (Санкт-Петербург театралды академиясының вокал және музыкалық тәрбие кафедрасының аға оқытушысы), Ирина Имхофф (хормейстер, музыка тану докторы) бар.

- Бірінші дәрежелі сыйлыққа жету үшін бізге орындаушылық техникасы жетіспеді, бірақ соған қарамастан мен қыздар тамаша өнер көрсетті деп ойлаймын. Мәселен, Лиза музыкамен екі жылдай ғана айналысты, соның өзінде мынадай табысқа жетіп отыр, - деп қуанышымен бөлісті Наталья Чунчукова. - Әсіресе, біздің қыздардың өнеріне Ханафи Чинакаев тәнті болды. Ол қыздардың болашағының зор екендігін айтты, ол үшін музыкамен 2-3 сағат емес, 7-8 сағат шұғылданду керек. РФ еңбек сіңірген әртісі біздерге Италия, Чехия, Франция сияқты елдердің халықаралық байқауларына қатысуымыз қажет екенін айтты. Чинакаевтің пікірінше, Лиза мен Даша осындай өнер көрсетулерге дайын екен.

